

# БҰЛБҰЛ ӘЖША БАЙЖЕЕ

## Күләш Байсейітоваға ескерткіш қойылды

Қазақ операсының бұлбұлы, классикалық ән өнерінің жарық жұлдызы Күләш Байсейітоваға Алматы қаласындағы өз атындағы музыка мектеп-интернатының алдына ескерткіш қойылды. Ел тәуелсіздігінің жиырма жылдығына, К.Байсейітованың 100 жылдығына орайластырылған шараға өнер қайраткерлері мен ресми қонақтар қатысты.

**Қанат ЕСКЕНДІР,**  
«Егемен Қазақстан».

Мүсінші Тілеуберді Бинашев сомдаған Күләш ескерткіші өмірін өнерге арнаған қазақ әйелінің кейпін әдемі жеткізіп тұр. Тағдыры күрделі әншінің көрген марапаты мен тартқан ауыртпалығының ізі де жоқ. Тек қазақтың мақтанышы, дала әуезін әлемдік классикаға қоса білген қайраткер ғана жас талант иелерін рухтандырып тұрғандай.

Ескерткішті К.Байсейітова атындағы мектеп-интернаттың директоры О. Абдуллаев пен қала әкімі А.Есімов салтанатты түрде ашып, гүл шоқтарын қойды. Жиылған көпшілік алдында КСРО халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Еңбек Ері Б.Төлегенова, Мәдениет вице-министрі А.Бөрібаев, бұлбұл әншінің туыстары

Қ.Қанабекқызы, Қазақстанның халық әртісі Б.Жаманбаев, сондай-ақ әншінің замандастары сөз сөйлеп, естеліктер айтты. Аталмыш мектептің симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен опера әншісі Б.Еңкебаева кешегі Күләш апасы салған әндерді күйкылжыта орындады.

Кеш соңында мектеп-интернаттың директоры О.Абдуллаев ескерткіштің тұрғызылуына қолдау көрсеткен «№1 құрылыс компаниясының» бас директоры С.Ұстабековке, «Құбыла» құрылыс компаниясының президенті Ө.Қадыровқа және ескерткіш авторы, мүсінші Т.Бинашевке алғыс айтты.

**АЛМАТЫ.**

Суреттерді түсірген  
**Берсінбек СӘРСЕНОВ.**

